

"Жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурс шартына енгізілетін жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарлардағы , жұмыстардағы және көрсетілетін қызметтердегі ең аз қазақстандық қамтуды есептеу қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 27 қаңтардағы № 36 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 7 тамыздағы № 1028 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 1063 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 25.12.2015 № 1063 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурс шартына енгізілетін жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарлардағы, жұмыстардағы және көрсетілетін қызметтердегі ең аз қазақстандық қамтуды есептеу қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 27 қаңтардағы № 36 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 15, 179-құжат) мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурс шартына енгізілетін жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарлардағы, жұмыстардағы және көрсетілетін қызметтердегі ең аз жергілікті қамтуды есептеу қағидаларын бекіту туралы»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қоса беріліп отырған Жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурс шартына енгізілетін жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарлардағы, жұмыстардағы және көрсетілетін қызметтердегі ең аз жергілікті қамтуды есептеу қағидалары бекітілсін.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурс шарттарына енгізілетін жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарлардағы, жұмыстардағы және көрсетілетін қызметтердегі ең аз қазақстандық қамтуды есептеу қағидасы осы қаулыға

қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

7

т а м ы з д а ғ ы

№

1 0 2 8

қ а у л ы с ы н а

қосымша

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 1

ж ы л ғ ы

2 7

қ а ң т а р д а ғ ы

№

3 6

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурс шарттарына енгізілетін жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарлардағы, жұмыстардағы және қызметтердегі ең аз жергілікті қамтуды есептеу қағидалары 1. Жалпы ережелер

1. Осы Жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурс шарттарына енгізілетін жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарлардағы, жұмыстардағы және қызметтердегі ең аз жергілікті қамтуды есептеу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 24 маусымдағы Заңына сәйкес әзірленген және жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурс шарттарына енгізілетін жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарлардағы, жұмыстардағы және қызметтердегі ең аз жергілікті қамтуды есептеу тәртібін а й қ ы н д а й д ы .

2. Осы Қағидаларда Заңда белгіленген ұғымдар мен анықтамалар, сондай-ақ м ы н а д а й ұ ғ ы м п а й д а л а н ы л а д ы :

пайдалы қазбалар тобы - қатты пайдалы қазбалар, көмірсутекті шикізат және жалпы таралған пайдалы қазбалар.

2. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарлардағы, жұмыстардағы және қызметтердегі ең аз жергілікті қамтуды есептеу тәртібі

3. Жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурс шарттарына енгізілетін жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарлардағы, жұмыстардағы және қызметтердегі ең аз жергілікті қамтуды есептеуді жер қойнауын пайдалану құқығын беруге конкурс өткізу кезінде құзыретті орган немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы жүзеге асырады.

4. Құзыретті орган жер қойнауын пайдалану құқығын беруге конкурс шарттарына енгізілетін жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарлардағы, жұмыстардағы және қызметтердегі ең аз жергілікті қамтуды есептеу үшін пайдалы қазбалар топтары бойынша бөлінген жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурс өткізілетін жылдың алдындағы жылға жұмыс істеп тұрған жер қойнауын пайдаланушылардың тауарларындағы, жұмыстарындағы және қызметтеріндегі жергілікті қамтудың нақты үлесі бойынша деректерді пайдаланады.

5. Құзыретті орган жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурс шартына енгізілетін жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарлардағы, жұмыстардағы және қызметтердегі ең аз жергілікті қамтуды мынадай формула бойынша есептейді:

$$MC_{min} = \frac{\sum_{i=1}^n (P_i \times MC_i)}{\sum_{i=1}^n P_i},$$

м ұ н д а ғ ы :

MC_{min} - жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурс шартына негізделетін жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарлардағы, жұмыстардағы және қызметтердегі ең аз жергілікті қамту;

P_i - жер қойнауын пайдалану құқығын беруге пайдалы қазбалар тобына сәйкес жер қойнауын пайдалану құқығын беруге конкурс өткізілетін жыл алдындағы i -ші жер қойнауын пайдаланушының тауарларды немесе жұмыстарды және қызметтерді сатып алу көлемі, мың теңге;

MC_i - жер қойнауын пайдалану құқығын беруге пайдалы қазбалар тобына сәйкес жер қойнауын пайдалану құқығын беруге конкурс өткізілетін жыл алдындағы i -ші жер қойнауын пайдаланушының тауарларындағы немесе жұмысындағы және қызметіндегі жергілікті қамтудың нақты үлесі;

n - есептеуде пайдаланылатын жер қойнауын пайдаланушылардың жалпы с а н ы .

6. Жергілікті атқарушы орган жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурс шартына енгізілетін жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарлардағы, жұмыстардағы және қызметтердегі ең аз жергілікті қамтуды мынадай формула бойынша есептейді:

тауарлар бойынша:

$$MC_{\min} = P_{\text{total}} \times 0,16$$

жұмыстар мен қызметтер бойынша:

$$MC_{\min} = P_{\text{total}} \times 0,85$$

м ұ н д а ғ ы :

$MC_{\min}$ - жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурс шартына негізделетін жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарлардағы, жұмыстардағы және көрсетілетін қызметтердегі ең аз жергілікті қ а м т у , м ы н т е ң г е ;

P_{total} - жер қойнауын пайдалану құқығын беруге пайдалы қазбалар тобына сәйкес жер қойнауын пайдаланушының тауарларды немесе жұмыстарды және қызметтерді сатып алуының жалпы көлемі, мың теңге.

7. Жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурс жүргізу жөніндегі комиссия Заңның 53-бабының 1-тармағының 2) тармақшасында көзделген жер қойнауын пайдалануға құқық беруге конкурс жүргізу өтпеді деп таныған кезде, Заңның 47-бабының 2-тармағының 7) тармақшасында көзделген барлық ұсынылған конкурстық ұсынымдардың сәйкес келмеу себебі бойынша құзыретті орган немесе облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы Заңның 54-бабының 1-тармағының 2) тармақшасында көзделген тәртіппен осы Қағидаларда көзделген тәртіппен есептелген тауарлардағы, жұмыстардағы және көрсетілетін қызметтердегі ең аз жергілікті қамту мөлшерін жиырма бес пайызға азайту бөлігінде конкурстық құжаттамаға өзгерістер енгізуге құқылы.